

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы шекара-командалық училищесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 14 шілдедегі N 1106

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің шекара әскерлері үшін офицер кадрларын даярлау жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы шекара әскерлерінің Әскери институты базасында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы шекара командалық училищесі құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жоғарғы шекара

командалық училищесінің негізгі міндеттері мыналар болып белгіленсін:

- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің шекара әскерлері үшін командалық топ офицер кадрларын даярлау, сондай-ақ офицерлік құрамды қайта даярлау және мамандығын көтеру;

- әскери ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жоғарғы шекара командалық училищесінің Жарғысын әзірлесін және оны бекітсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары